

Радиоизотопты өнім импортына рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 қыркүйек N 1363

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыс, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Изотоп" ғылыми-өндірістік-коммерциялық бірлестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестікке (бұдан әрі - "Изотоп" ҒӨКБ ЖШС) Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына:

1) "Маяк", Ресей, өндірістік бірлестігімен жасалған 2000 жылғы 21 наурыздағы N 398/07622740/45003 келісім-шартқа сәйкес жалпы активтілігі 26 370 (жиырма алты мың үш жүз жетпіс) кюри, 248 600 (екі жүз қырық сегіз мың алты жүз) АҚШ доллары сомасына саны 1046 (бір мың қырық алты) дана радиоактивті сәулелену көзін - өнеркәсіптік мақсаттағы жасанды радиоактивтік изотоптарды (ТМД СЭҚ ТН коды 2 8 4 4 4 0) ;

2) жалпы активтілігі 1 066,3 (бір мың алпыс алты бүтін оннан үш) кюри (бөлінетін материалдың 261,7 грамы), 1 221 200 (бір миллион екі жүз жиырма бір мың екі жүз) АҚШ доллары сомасына саны 1 408 (бір мың төрт жүз сегіз) дана радиоактивтік сәулелену көздерін - ядролық материалдарды (ТМД СЭҚ ТН коды 2844):

"Маяк", Ресей өндірістік бірлестігімен жасалған 2000 жылғы 21 наурыздағы N 398/07622740/45004 келісім-шартқа сәйкес, жалпы активтілігі 863,5 (сегіз жүз алпыс үш бүтін оннан бес) кюри (бөлінетін материалдың 50,2 грамы), 805 844 (сегіз жүз бес мың сегіз жүз қырық төрт) АҚШ доллары сомасына саны 148 (бір жүз қырық сегіз) дана плутоний-238 негізіндегі көздерді;

"Маяк", Ресей өндірістік бірлестігімен жасалған 2000 жылғы 21 наурыздағы N 398/07622740/45005 келісім-шартқа сәйкес жалпы салмағы бөлінетін материалдың 0,3 (нөл бүтін оннан үш) миллиграммы, 3000 (үш мың) АҚШ доллары сомасына саны 50 (елу) дана уран-234 негізіндегі көздерді;

"Маяк", Ресей өндірістік бірлестігімен жасалған 2000 жылғы 21 наурыздағы N 398/07622740/45009 келісім-шартқа сәйкес жалпы активтілігі 202,8 (екі жүз екі бүтін оннан сегіз) кюри (бөлінетін материалдың 207,5 грамы), 409 400 (төрт жүз тоғыз мың төрт жүз) АҚШ доллары сомасына саны 1160 (бір мың бір жүз алпыс) дана плутоний-239 негізіндегі көздерді;

"Маяк", Ресей, өндірістік бірлестігімен жасалған 2000 жылғы 21 наурыздағы N 398/07622740/45010 келісім-шартқа сәйкес жалпы салмағы бөлінетін материалдың 4 (төрт)

граммы, 3000 (үш мың) АҚШ доллары сомасына саны 50 (елу) дана уран-238 негізіндегі көздерді әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) "Изотоп" ҒӨКБ ЖШС-не өнім импортына лицензия берсін;

2) Қазақстан Республикасы бақылаушы органдарының әкелінетін өнімнің түпкілікті пайдаланылуын тексеруге қол жеткізуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен әкелінетін өнімге кедендік бақылау жасауды және оның кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.